

**Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген
нормативтік құқықтық актілері**

**Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы №214
«Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту
туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 62 шешімі.
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 5417 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4821 тіркелген, 2016 жылдың 14 сәуірінде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

«1. Жалпы ережелер» тарауында:

2 тармақ:

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы – «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» департаментінің Байғанин аудандық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті ұйым);

1) тармақша 1-1) тармақша болып есептелсін;

8) тармақша алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

С. Жұбан

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**

Б. Турлыбаев

**Ақтөбе облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысы**

_____ **К. Утаров**